

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

PHILOLOGY Series

№2 (123) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 35 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

Мазмұны

<i>Абасилов А.М.</i> Жаңа қазақ әліпбиі: әлеуметтік лингвистикалық мәселелері, оларды шешу жолдары	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының діни мотивтері ..	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Қасқатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Сан компонентті кейбір киелі ұғымдардың қалыптасу тарихынан	21
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Мифтік кеңістіктегі <i>адамзат</i> пен <i>пері-зат</i> байланысы және оның көркем әдебиетте бейнеленуі	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Л.З. Будаговтың «Түрік-татар сөздерінің салыстырмалы сөздігінің» қазақ лексикографиясындағы орны	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Кәсіби-бағытталған шетел тілін үйренудің тұлғалық-бағытталған тәсілі	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – сан қырлы дарын иесі	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Ұлы Дала көне есептері және оның Бөлтірік шешен шығармашылығындағы көрінісі	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова Ә.А.</i> Студенттердің тілдік компетенциясын қалыптастыруда аутенттік мәтіндерді қолдану	74
<i>Ерғалиева Райхан</i> Қазіргі заманғы қоғамдағы ұлттық мәдени мұраның проблемалары	76
<i>Жұманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Студенттерде шетелдік құзыреттілікті қалыптастыру	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Заманауи лингвистикадағы бағалау теориясының дамуы	86
<i>Құзбақова Г.Ж.</i> Қазақ әдет-ғұрыптық ән ырғақтылығындағы сөз просодикасы	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Ағылшын тілін үйрену мен оқытудың маңыздылығы	105
<i>Лазухина Л.В., Әбдіғалиева Т.А.</i> У. Шекспирдің «Отелло» пьесасындағы одағайлардың қазақ тіліне аударылуына талдау	109
<i>Нұрдәулетова Б.И.</i> Жыраулар поэзиясы мәтінінің коммуникативтік ерекшелігі	116
<i>Нұржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Интернет көмегімен ағылшын және қазақ тілінің сөздік қорын оқыту әдістемесі	123
<i>Нұржаубек А.</i> Қазіргі әлемдік және отандық лингвистикадағы фрейм туралы ізденістер	129
<i>Оспанова А.К., Турдығылова А.К., Бакенова А.М.</i> Шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті қабілеттіліктерін дамуы	139
<i>Тұрысбек Р.</i> Ұлттық тіл табиғаты: әліпби мәні мен эволюциясы (<i>Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің тарихы мен даму үрдістері туралы</i>)	146
<i>Рысбаева Г.Қ., Исаева Ж.Т., Тұңғышбаева Ғ.Ж.</i> Ғаламның тілдік «культ» концептісі	155
<i>Сәрсекенова Қ.Қ., Меліс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Филология мамандығы бойынша білім алушыларды компьютерлік технология бағытында оқыту	166
<i>Шаймерденова Н.Ғ.</i> Қазақстандағы татарлардың тарихы, тілі, мәдениеті	173
<i>Жазбадерек.</i> Гуманитарлық ғылымдарға саясимәдениет әлемінде заманауи зерттеу	185
<i>Рәсімдеу үлгісі</i>	188

Contents

<i>Abasilov A.M.</i> New Kazakh Alphabet: Sociolinguistic Problems and Their Solutions	8
<i>Abduov M.I., Abduova N.M.</i> Religious Motifs in “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” Poem	15
<i>Abdrzakova A.A., Akhmetova B.B., Kaskatayeva Zh.A., Bakenova A.M.</i> From History of Development of Some Sacral Concepts with Numerical Component	21
<i>Aimukhambet Zh.A.</i> The interdependence of humanity with the fairy in the mythical space and its reflection in the artistic literature	30
<i>Amangazyieva M.K.</i> L.Z.Budagov’s «Comparative Dictionary of Turkish-Tatar Words» in Kazakh Lexicography	38
<i>Aubakirova G.T., Volodina E.O., Kalieva S.N.</i> Personally-Oriented Approach in Teaching Professionally-Oriented Foreign Language	44
<i>Baibek A.K.</i> Ykili Ybray – Versatile Master of Transformations	51
<i>Baybekov S.N., Shormakova S.M., Ayazbekova I.M.</i> Ancient Tasks of the Great Steppe and Their Place in Boltirik Sheshen’s Work	63
<i>Gauriyeva G.M., Zhumabekova A.A.</i> Use of Authentic Texts for Formation of Students’ Linguistic Competence	74
<i>Yergaliyeva Rakhan</i> The Problem of National Cultural Heritage in Modern Society	76
<i>Zhumanbekova N.Z., Kabdusheva A.B.</i> Formation of Foreign Competencies in Students	81
<i>Iskakova N.S., Islam A.</i> Development of Evolution Theory in Modern Linguistics	86
<i>Kuzbakova G.Zh.</i> Prosody of the Word in Kazakh Ritual Song Rhythmics	96
<i>Kydyrmoldina M.S., Nurzhanova Zh.D.</i> The Importance of Learning and Teaching English Language	105
<i>Lazukhina L.V., Abdygalieva T.A.</i> Analysis of the translations of U. Shakespeare’s «Othello» plays in the Kazakh language	109
<i>Nurdauletova B.I.</i> Communicative Peculiarities of the Bard Texts	116
<i>Nurzhanova Zh.D., Dadekhan Zh.B.</i> Teaching English and Kazakh vocabulary by means of the Internet	123
<i>Nurzhaubek A.</i> Frame Research in the Modern World and Domestic Linguistics	129
<i>Ospanova A.K., Turdygylova G.D., Bakenova A.M.</i> Development of Reflexive Abilities of Foreign Languages Teacher	139
<i>Turysbek R.</i> Kazakh Inscription is Spirituality (About the history and trends of the Kazakh language based on Latin graphics)	146
<i>Rysbayeva G.K., Issayeva Zh.T., Tungushbayeva G.Zh.</i> Concept of “Cult” in Linguistic Picture of the World	155
<i>Sarekenova K.K., Melis A.M., Toybekova S.R.</i> Training Graduates of Philology Specialty in the Field of Computer Technology	166
<i>Shaymerdinova N.G.</i> The History, Language and Culture of Tatars in Kazakhstan	173
Chronicle. Modern research on humanitarian sciences in the polycultural peace	185
Template	188

Содержание

<i>Абасилов А.М.</i> Новый казахский алфавит: социолингвистические проблемы, пути их решений	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> Религиозный мотивы в лиро-эпическом произведений «Козы Корпеш – Баян сулу»	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Каскатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Из история развития некоторых сакральных понятий с компонентами числительных	21
<i>Аймухамбет Ж.А.</i> Взаимосвязь человечества с феи в мифическом пространстве и его отражение в художественной литературе	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Роль «Сравнительного словаря турецко-татарских наречий» Л.З. Будагова в казахской лексикографии	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Личностно-ориентированный подход в обучении профессионально-ориентированному иностранному языку	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – многоликий мастер перевоплощений	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Древние задачи Великой Степи и их место в творчестве Болтирик шешена	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова А.А.</i> Использование аутентичных текстов при формировании языковой компетенции студентов	70
<i>Ергалиева Р.А.</i> Проблемы национального культурного наследия в современном социуме	76
<i>Жуманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Формирование иноязычных компетенций у студентов	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Развитие теории оценки в современной лингвистике	86
<i>Құзбақова Г.Ж.</i> Просодика слова в казахской обрядовой песенной ритмике	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Важность обучения и преподавания английского языка	105
<i>Лазухина Л.В., Абдигалиева Т.А.</i> Анализ перевода на казахский язык междометий пьесы У. Шекспира «Отелло»	109
<i>Нурдаулетова Б.И.</i> Коммуникативные особенности текстов жырау	116
<i>Нуржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Приемы изучения английской и казахской лексики с помощью интернет	123
<i>Нуржаубек А.</i> Фреймовый подход в современной отечественной и мировой лингвистике	129
<i>Оспанова А.К., Турдыгылова А.К., Бакенова А.М.</i> Развитие рефлексивных умений учителей иностранных языков	139
<i>Турысбек Р.</i> Природа национального языка: сущность и эволюция алфавита (<i>Об истории и тенденциях казахского языка на основе латинской графики</i>)	146
<i>Рысбаева Г.К., Исаева Ж.Т., Тунгышбаева Г.Ж.</i> Концепт «Культ» в языковой картине мира	155
<i>Саркенова К.К., Мелс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Обучение выпускников филологических специальностей в области компьютерных технологий	166
<i>Шаймерденова Н.Г.</i> История, язык, культура татар в Казахстане	173
<i>Хроника.</i> Современные исследования по гуманитарным наукам в поликультурном мире ...	185
Образец оформления статьи	188

ХҒТАР 17. 71. 91

Ж.Ә. Аймұхамбет

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: a_zhanat@mail.ru)

Мифтік кеңістіктегі адамзат пен пері-зат байланысы және оның көркем әдебиетте бейнеленуі

Аңдатпа. Мақалада мифологиялық дәуірге тән пері тектес кейіпкерлердің адамзатпен байланысына қатысты мотивтер талдау нысанына алынған. Ұлттық дүниетанымдағы перілер образы мен әлем мифтеріндегі эльф, нимфа, сида, т.б. салыстырыла келе, олардың адам тағдырына қатысы, тылсым сипаттары талданады. Перілер туралы мифтердің фольклор шығармаларына арқау болып, дәстүрлі мотивке айналғанына назар аударылады. Сонымен бірге ерекше тағдырлы өнер иелерінің тылсым әлеммен, ондағы тіршілік иелерімен байланысы тек фольклорда қалып қоймай, көркем әдебиет жанрларына тақырып болғаны мысалдармен көрсетіледі. Перілер туралы мотивтердің хикаяның өзегіне ғана айналып қоймай, ертегілер мен эпсаналардың да құрылымындағы тұрақты мотив болғаны айтылады. Адамдар әлемінен өзге әлемге кетіп қалған, өмірлерін сол жақта жалғастырған кейіпкерлер туралы да қарастырылады. Бұл талдаулардың соңында перілердің адамзаттың ізгілік мұраттарын жүзеге асыруына жәрдемші сипатта түсіндірілгені туралы ой тұжырымдалады.

Түйін сөздер: миф, фольклор, пері, эльф, аққу, ғажайып мекен, өмір тостағы.

Мифтік танымға тікелей қатысы бар фольклор кейіпкерлерінің көпшілігіне тән ерекшелік – олардың адамзат нәсілінен өзге саналы тіршілік иелерінің қолдауына ие болатындығы немесе солармен қалайда бір байланысқа түсетіндігі. Бұл әлем халықтары фольклорында тұрақты кездесетін мотив.

Қазақ фольклорынан нәсілі адамзат емес ғажайып жандармен кездесетін, тағдырлары тоғысатын кейіпкерлер қатарына Төстікті («Ер Төстік»), Кендебайды («Керқұла атты Кендебай»), Аңшыбайды («Аңшыбай батыр»), Мамай батырды («Мамай батырдың арманы») мысалға алуға болады. Бұл аталғандар пері қыздарының қырсығына тап болады немесе олармен некелесіп, мақсат-мұраттары орындалатын тірлікке қол жеткізеді. Ал, «Қорқыт ата кітабындағы» (Дрезден нұсқасы) сегізінші жырда пері қызымен оның ықтиярынсыз қосылған қойшы оқиғасы бар. Сол пері қызынан туған Төбекөз адамдарға қасірет әкеледі. Пері қызы мен адамзат нәсілінің арасындағы байланыс жайлы аңыз күні кеше, ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың өнерпазы, ұлт мәдениеті тарихында ерекше орын алатын Ақан сері Қорамсаұлына (1843 – 1913) қатысты айтылады. Небір тамаша әндерді өмірге әкелген Ақан сері елден жырақ кетіп, Қоскөлдің жағасында қос тігіп жатқан кезінде пері қызымен кездескен екен делінеді ол аңызда.

Х.Досмұхамедұлы адамзат баласынан өзге нәсілді кейіпкерлер қатысатын демонологиялық әңгімелерді **«перілік хикаялар»** деп атаған екен. *«Перілік хикаялар бақсы, албасты, қара, пері, жың, әруақ, жалмауыз кемпір, жезтырнақ және басқаларға қатысты болып келетінін»*, аталған миф кейіпкерлерінің болмысы, адам баласына тигізетін пайдасы мен зияны, олардан сақтану жолдары айтылатынын атап көрсетеді [1, 25-26].

С.Қасқабасов халық прозасының мұндай кейіпкерлер қатысатын түрін **хикая** деп атап-түстейді. Ғалымның тұжырымы бойынша: *«Қазақ халқының әртүрлі мифтік (мифологиялық) мақылұқтар мен құбыжықтар туралы түсінігін барынша айқын бейнелейтін жанр хикая болып табылады»* [2, 101]. Хикая кейіпкерлерінің мифтік танымнан туындағаны анық. Мифтік кейіпкерлер мен сюжеттер осы хикаяларға барынша еркін енген. Алайда, біз **пері, эльф, нимфа, фея, сида** сияқты тіршілік иелері мен адам баласы арасындағы қызықты да ғажайып оқиғаға құрылған мифтік баяндарды толығымен хикаяларға жатқызбаймыз.

Бұл баяндар өзіндік ерекшелігімен тұтастай бір жүйе түзетін, мифтік танымға негізделген құрылымымен дара тұрады. Олардың құрылымында ең әуелі мифтік сипат басым. Содан кейін хикаяларға да, әпсаналарға да тән белгілер бар.

Мифтік дүниетанымнан туындаған түрлі тіршілік иелерінің ішінде адамзат нәсілімен барынша ұқсас, олармен тағдырын байланыстырып, тіпті некеге тұратындары бар. Көп жағдайда адам баласына ізгі ниетте болатын мұндай кейіпкерлер санатына *пері, эльф, нимфа, фея, сида, кейннар* т.б. мифтік тіршілік иелерін жатқызуға болады. Мұндай мифтік тіршілік иелері кейіннен ертегілердің тұрақты кейіпкерлеріне айналды.

Эльфтер – Еуропадағы бірсыпыра елдердің мифтері мен әпсаналарынан тұрақты кездесетін кейіпкерлер. Зерттеушілер бұларды кельт және герман-скандинавия фольклорындағы ғажайып ел тұрғындары ретінде атайды. Эльфтер туралы еңбектерде оларды адамзат дәуіріне дейін және қатарласа өмір сүрген ерекше «мифтік» халық ретінде атайды. Кельт мифологиясындағы сидалар, герман-скандинавия мифологиясындағы альвтар сипаты жағынан осы эльфтермен бірдей.

Эльфтер – герман-скандинавия мифологиясында табиғаттың мейірімді рухтары болса, ирланд мифологиясында «Ғажайып мекеннің» рухы ретінде түсіндіріледі. Ирланд сагаларында Дана тәңіріяның ұрпақтары ретінде бейнеленеді [3].

Миф баянына сүйенсек, эльфтер королевасының жүрегін өнерімен жаулап алған Томас Лермонт – әрі мифтік әрі тарихи қаһарман. XIII ғасырда өмір сүрген тегі шотланд ол «Шыншыл Томас», «Томас-Рифмач» деген атпен аңызға айналған кельт фолькорының кейіпкері. Ақын, әнші, көріпкел, лютняда шебер ойнайтын Томас туралы XIII ғасыр хонологиясында «Эркельдуннан шыққан Томас», сондай-ақ өмір сүрген жылдары 1120-1290 ж. шамасы деп көрсетіледі. Бұл анықтама оның шынайы өмірде болғаны туралы пікірді қуаттай түседі. Томас Лермонттың эльфтер еліне сапары көптеген фольклорлық және әдеби шығармаларға арқау болды [4].

Томас Лермонт туралы фольклор туындысының бірегейі – «**Томас-Рифмач**» атты баллада. Халық фольклоры санатындағы бұл баллада Томастың өз өнерімен эльфтер патшайымының жүрегін қалай жаулап алғаны оқиғасын арқау еткен. Эльфтер елінің королевасы Томасты өз еліне алып кетеді. Қойылған шарттарды орындап, еліне қайтуға мүмкіндік алған шақта королева сүйікті Томасына көріпкелдік қасиет дарытады. Осы көріпкелдік оның «Шыншыл Томас» атануына себеп болады. Өйткені, Томас айтқан болжамның бірде бірі қате болмайды. Томас Лермонтты миф кейіпкері ретінде атауға себеп болатын да осы эльфтер елінде болуы, эльф королевасының оған ғашық болғандығы, сол елде жеті жыл тұрып келгені. Балладаға арқау болған бұл сюжет ХV ғасырдағы «Томас Эрсселдунский» («Thomas of Ersseldoune») атты ағылшын рыцарлық романынан кездеседі. Тарихи романның негізін салушы Вальтер Скотт шотланд фольклорын жинап, 1802 жылы «Песни шотландской границы» атты екі томдық жинақ шығарады. Үшінші томын 1803 жылы жариялайды. Ол осы жинаққа енген Томас туралы балладаның қолжазбасын аңызға айналған өлеңшінің туған жері саналатын Эрсселдунға жақын жерде тұратын бір әйелден алғанын айтады. Американдық фольклортанушы ғалым, Гарвард университетінің алғашқы профессоры Фрэнсис Джеймс Чайлд (1825 – 1896) ағылшын және үш жүз бес шотланд балладасын және олардың америкалық нұсқасын жинап, 1182-1898 жылдар аралығында «Ағылшын және шотланд халық балладалары» («Английские и шотландские народные баллады») атты он томдық жинақ шығарған. Бұл он томдық «Чайлд балладалары» деген атпен мәлім болды. Осы жинаққа «Томас Рифмач» балладасының бес нұсқасы кіргізілген.

Томас туралы тағы бір шығарма – Джозеф Редьярд Киплингтің (1865 – 1936) «Шыншыл Томастың соңғы жыры» атты балладасы. Томастың эльфтер елінде болғандығы туралы бұл туындыда негізгі сюжетке қосымша айтылады. Шотланд королі Томасқа өлең өнері үшін рыцарлық атақ және жер сыйламақшы болады. Сонда Томас өзінің Ғажайып патша-

лықта болғанын, одан алған сыйына жер бетіндегі еш байлық тең келмейтінін айтады. Және сол жерде тұрып үш ән айтып, корольдің жан-жүрегін ерекше әсерге бөлейді. Бірінші әнін айтқанда король өзінің күнәларын еске алып, барынша өкініп жылайды. Екінші әнін айтып, корольдің жүрегінде жауынгерлік рухты асқақтатады. Ал, үшінші әнін айтқанда корольдің есіне алғашқы махаббаты түсіп, ерекше сезімге бөленеді.

Америка жазушысы Эллиен Кашнер (1955) «Томас Рифмач» атты повесіне осы бір аңызға айналған тұлғаны бас қаһарман етіп алады. 1990 жылы жарық көрген бұл повестке 1991 жылы «Мифопоэтикалық сыйлық» берілген. Повестің негізгі сюжеті – Томастың эльфтер еліне барып, королеваның сүйіктісі әрі барды болғандығы. Жазушы бұл фольклорлық сюжетке қосымша сюжеттік желілерді үстеп, фантазия жанрындағы тамаша туындыны дүниеге әкелген.

Қазақтың Қаратауында дүниеге келген орыстың фантаст-жазушысы Сергей Лкуьяненко (1968) өзінің «Соңғы сақшы» романында Томасты Жоғары санаттағы мейірімді көріпкел, Шотланд сақшыларының басшысы ретінде көрсетеді.

«Генри Лайон Олди» деген бүркеншік есім иеленген қос украин жазушы – Дмитрий Громов пен Олег Ладыженскийдің фантазия жанрындағы романдар циклына Томас Биннори есімімен кірген кейіпкерге Томас Лермонт бейнесінің ерекше ықпалы бар екенін әдебиет зерттеушілері атап айтады.

Бізге, қазақ тіліне аударылып, «Әлем халықтары ертегілері» жинағына енген «Өлеңші Томас» ертегісі белгілі [5, 349-355]. Томастың ажалды пенделер бара алмайтын эльфтер елінде жеті жыл болуы өнерпаз жанның ерекше тағдырын бейнелейтін мотивтерді еске салады. Әр халықтың таным-түсінігінде бедерленіп, түйсігінде «өмір сүретін» ғажайып мекеннің бірі осы эльфтер елі. Эльфония сипаты түркі жұртының «Жерұйық», «Өтүкен», «Үш қиян», «Сарыарқа», «Жиделі-Байсын» сияқты қоныстарымен ұқсас келетініне біз бұдан бұрын назар аударғанбыз [6, 37-38].

Тылсым кеңістіктегі тіршілік иелерімен байланыс мифтік санаға тән «жұмақ дәуіріне» оралуды аңсауды, ерекше қалыптағы тұрмысты, ырысы төгілмеген, құты қашпаған ерекше «ортаны» тұспалдауымен маңызды. М.Элиаде атап көрсеткендей, бір назар аударатын жайт – адамзат нәсілінен өзге тылсым тіршілік иелерімен кездесетін адамның қолында бір музыка аспабы болатындығы және олармен елсізде: орман ішінде, су жағасында, тау ішінде кездесетіндігі. Томастың лютнясынан төгілген ерекше әуен эльф королеवासының сезімін оятса, болгар мифінің кейіпкері – Таң сұлуын қарапайым бақташы сыбызғы әуеніне арбап, қолына түсіреді.

Ертегі фабуласы: *Тау бөктеріндегі тоғай ішіндегі алаңқайда сыбызғының сырлы сазына таң сұлуларын билеткен жігіт қарт бақташыдан оларды қолға түсірудің амалын сұрайды. Үш сұлудың кенжесінің ерекше сұлулығы есінен тандырған жігіт қарттың ақылы бойынша, басындағы гүлтәжін тартып алып, оны өзіне жар болуға көндіреді. Алайда, күндердің бір күнінде гүлтәжі мен көйлегін қолына түсірген Таң сұлуы өзінің Тылсымды мекеніне ұшып кетеді. Жігіт Тылсымды мекенді іздеп, сапарға шығады. Қанатты Құс атаулының әміршісі атанған ақсақалды қарияның көмегімен Тылсымды мекенге бүркітке мініп, ұшып келеді. Сөйтіп, оны еліне алып қайтады. Болгарлар осы екі ғашықтың – бақташы жігіт пен ғажайып Таң сұлуының некесінен тарайды екен* [7, 396-503].

Пері тектес тіршілік иесі ретінде Таң сұлуы адамзатпен некеге тұрған көп перизаттардың бірі ғана. Мұндай мотивтердің қатарында Жаһан сұлуы (Әлем сұлуы) деп аталатын кейіпкерлермен кездесіп, некелесу оқиғасы да бар. Албан халық ертегісінде Хрусталь тауына тап болып, одан әлі үш жүз ешкісі бар соқыр шалға кездесетін жас бала пері қызын сыбызғы әуенімен арбап қолына түсіріп, одан шалдың көзін қайтарып алады. Шалдың ашуға болмайтын он екінші бөлмесін ашып, сол жерден Жаһан сұлуларын көреді де, кенжесін қолға түсіреді. Шалдың батасын алып, онымен некеге тұрады [8, 373-380].

Адам кейпінде адамзат еліне келетін мифтік тіршілік иелері тек сұлу қыз емес, патшазада жігіт болуы да мүмкін. Оған мысал – Германияда шамамен XII–XIII ғасырлардан айтылатын аққулар әміршісі Лоэнгрин туралы ертегі. Эльфтер еліне баратын Томас Лермонт есімі тарихи тұлғамен байланыстырылса, Лоэнгринге қатысты олай деп айта алмаймыз. Кейбір нұсқалар бойынша, аққулар патшасы туралы миф бірге туған жеті ағайындының аққуға айналып кету оқиғасынан бастау алады. Алман жұртының нұсқасында аққу патшасының есімі – Лоэнгринг, Нидерландияның тарихи аймағы – Брабант герцогтігі нұсқасында *Элиас* делінеді.

Аққулар әміршісі туралы ертеректегі «*Элиокс*», одан кейінгі ғасырларға тән «Беартиса» поэмаларында суреттеледі. Бұл екі туындыға жалпылама «Аққулар әміршісінің дүниеге келуі» деген ат берілген. Аққулар әміршісі туралы айтылатын оқиға фабуласы:

Король мен королеваның бір күнде жеті баласы дүниеге келеді. Ерекшелігі – олар күміс (кейде алтын) шынжырмен туады. Корольдің шешесі келінін ұнатпағандықтан, король жорықта жүргенде босанған келінін қаралап, ұлына «әйелің ылғи күшік тапты» деп хабар жібереді де, балаларды орманға апарып өлтіруді бұйырады. Бұйрықты орындаушы күң балаларды өлімге қимай, тірі қалдырады. Орман ішінде бұл балаларды бір дуана тауып алып, өз қамқорлығына алады, жабайы ешкінің сүтімен асырайды. Корольдің шешесі балалардың тірі қалғанын біліп, оларды ұстауды бұйырады. Сөйтіп, күміс шынжырларын алып, балқыту үшін зергерге береді. Бірақ, алты бала табылғанымен жетінші бала – Элиас қолға түспейді. Шынжырынан айрылған балалар аққуға айналып кетеді. Зергер болса бір шынжырды ғана балқытып, қалғанын жасырып тастайды. Арада көп жыл өткенде түрмеде жатқан королеваны қорғайтын ешкім табылмаса, жазаға кеспек болады. Сол кезде, періштелердің айтуымен Элиас анасын қорғауға келеді. Шайқаста жеңіске жеткен Элиас анасын жазадан босатады, аққуға айналған бауырларына шынжырларын қайтарып, адам бейнесіне келтіреді. Алайда, шынжыры балқытылып кеткен бір бауыры аққу күйінде қала береді. Элиас болса, қайыққа отырып, аққу бауырымен бірге кете барады.

Аққулар патшасы туралы жоғарыда аталған екі поэманы орыс әдебиеттанушысы А.Д.Михайлов (1929-2009) «Француз қаһармандық эпосы. Поэтика және стилистика мәселелері» атты еңбегінде қарастырған [9, 260-261, 300,334,346].

Лоэнгрин мифі туралы 1890-1907 жылдар аралығында 82, қосымша 4 томы жарық көрген Брокгауз бен Ефронның энциклопедиялық сөздігінің 82-томында айтылады. Бұл энциклопедиялық сөздік Петербургте шыққаны, кейіннен бірнеше мәрте қайта жарияланып, жұртшылыққа ұсынылғаны белгілі [10].

Миф оқиғасы бойынша, Лоэнгрин адамзат еліне, оның ішінде Брабант жеріне қайтыс болған қарт герцогтің қызы Эльзаны қорғау үшін келеді. Эльза Шельда өзенінің жағасындағы Анвер қамалында тұрады. Брабант герцогтігіндегі батырлардың ішіндегі ең жаужүрегі Тельрамунд еді. Кәрі герцогтің тірі күнінде Эльзаны жар етпекші болған батырлар көп еді. Тельрамунд та солардың бірі болатын. Алайда, Эльза менмен, дөрекі Тельрамундты мүлде ұнатпайды. Әкесі дүниеден өткен соң да үміткер күйеу жігіттер Эльзаға ұсыныстарын тағы жасайды. Сонда Тельрамунд марқұм болған қарт герцогтың көзі тірісінде Эльзаны өзіне бермек болып уәде еткенін, екеуінің ортасында жасырын келісім болғанын айтады және сөзінің ақиқаттығына қылышымен ант етеді. Эльза болса, ондай келісімнің болмағанын, әкесі ешкімге уәде бермегенін, тек қызының өзі сүйген жанмен бірге болуын қалағанын айтады. Бұл әңгімені рыцарлар мен барондар дерлік естиді. Кімге сенерлерін білмейді. Өйткені, қылыш – қасиетті, онымен ант беру жалған болмау керек. Эльза да жалған айтпайды. Ақыры бұлар король Генрих Құсбегіге келіп, мына мәселені шешуді сұрайды. Сонда король әділ төрелік ағашы атанған кәрі еменнің түбіндегі алаңқайда кездесуді белгілеп, бұл таласты шайқас шешетінін айтады. Шайқасқа Тельрамунд өз намысын қорғап, қылышымен шықпақ, ал, Эльза үшін біреу шығуы керек. Эльза өзіне көңіл білдірген барондар мен рыцарлардан көмек сұрағанымен олардың бәрі Тельрамундқа қарсы шығудан бас тартады. Түні бойы Жаратушыдан көмек сұрап жалбарынып, көз жасын төккен Эльза таң ата Шель-

да өзенінің жағасына келеді. Кенет ол аққу жегілген қайықты көреді. Қайық ішінде тұрған сауытпен құрсаңған рыцарь оған күле қарап, қол бұлғап амандасады. Қайық тоқтайды да, жас батыр жағаға шығады. Эльзаға оның намысын қорғау үшін жекпе-жекке шығуға дайын екенін айтады.

Белгісіз батыр шайқаста Тельрамундты жеңеді. Тамағына қылыш тақалғанда, Тельрамунд өзінің өтірік айтқанын, жалған ант бергенін мойындайды. Король Тельрамундты герцогтіктен аластауды бұйырады, Эльзаға белгісіз батырға тұрмысқа шығуы керектігін айтады да, батырдан есімін сұрайды. Сонда батыр өзінің белгілі тектен шыққанын, атын айта алмайтынын баян етіп, Аққулар әміршісі деп атауын өтінеді. Сөйтіп Эльза мен белгісіз батыр некелеседі. Белгісіз батыр Эльзадан өз атын сұрамау туралы ант алады. Күндердің күнінде олар ұлды болады. Эльзаны құттықтауға келген ақсүйек әйелдердің ішінде Тельрамундтың әйелі Урсула да бар еді. Ол Эльзаны күйеуінің аты, тегі кім екенін қалайда білуге, сөйтіп антын бұзуға итермелейді. Эльза батырдан есімін, тегін сұрайды. Батыр айтпайды. Эльза болса күйеуінің өзінен қандай сырды жасырып жүргенін білгісі келеді. Қайталап сұрай берген соң Аққулар әміршісі: *«Жақсы, мен атымды айтамын, сосын екеуіміз екі айрыламыз. Өйткені сен антты бұздың, сөзіңде тұрмадың»*, – дейді. Эльза жылап-еңіреп, аяғына жығылып, айтпай-ақ қоюын өтінгенімен, бәрі кеш еді.

Ертеңінде таң ата олар Шельда өзенінің жағасына келеді. Бұл жерге жергілікті тұрғындар, барлық рыцарлар мен барондар, тіпті король Генрих Құсбегі де келген екен. Өзенде аққу жегілген қайық күтіп тұр. Батыр қайыққа мініп, жиналған жұртшылыққа өзінің аты Лоэнгрин, қасиетті Грааль рыцарларының бірі – Парцифальдің ұлы екенін, үнемі жазықсыз жәбірленушілерге көмекке келетіндерін, адамзат нәсілінен қызды ұнатып қалса, өзінің аты мен тегін сұрамау шартымен адамдар арасында қалуға болатынын, егер, бұл шарт бұзылса, туыстарына оралып, қайтадан Грааль рыцарына айналатынын айтады. Ол ұлын құшақтап, бауырына басып, оған өз атын беруді және қалқаны мен қылышын қалдыратынын ескертеді. Бұл қарулар баласын қанды шайқастардан аман алып шығады дейді. Қанатын қаққан аққу қайыққа мінген батырды алып, көзден ғайып болады. Жағада тұрған Эльза қайғыдан құлап түседі [11].

Аққу жайлы мотивтердің көбі мистикалық, ғажайыптық сипатымен ерекшеленеді. А.С.Пушкин жаңғырта жырлаған *«Салтан патша, оның асқан батыр ұлы Гвидон және аққу ханшайым туралы ертегісінде»* бас қаһарманға көмектесетін аққу кейпіндегі сұлу қыз бар. Ол Гвидонның даңқының артуына, салтанатты патшалық құруына көмегін тигізеді, соңында өзі оған жар болады. Тағы бір мысал: «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде батыр пенделер еліне аққу болып ұшып келген пері қыздарының біреуінің кебісін алып қалады, кейіннен пері патшасы осы кенже қызын Кендебайға береді [12, 39-40; 44]. Ал, «Аңшыбай батыр» атты көне эпоста елсізде жүрген батырға аққу кейпінде келген пері қыздары онымен некелеседі [13, 11]. Бұл баяндар аққудың әлем халықтары мәдени-танымдық жадында тылсым сырға толы киелі құс ретінде сақталып, ерекше орын алатынын көрсетеді.

Аққу – қазақтардың ұлттық танымында да киелілік сипаты бар, ерекше қадірлі құс. Аққуға қатысты мифтік баяндар даму сатысында ертегілер мен аңыздардың құрамында, сондай-ақ поэзияда әртүрлі көркемдік қызмет атқарды. Халық таным-түсінігіндегі және олардан бастау алған поэтикалық ойлау жүйесіндегі аққу бейнесі туралы біз бұрынырақтағы еңбегімізде талдау жасағанбыз [13, 39]

Аққулар әміршісі Лоэнгрин жайлы сөзге қайта оралсақ, белгілі неміс композиторы, дирижер әрі өнер теоретигі Вильгелм Рихард Вагнер (1813-1883) аққулар әміршісі туралы сюжетті арқау еткен, үш актіден тұратын «Лоэнгрин» либереттосын және операсын дүниеге әкелді. Либеретто 1845 жылы жазылып, музыкасы 1846-48 жылдары туғаны бізге әлем мәдениеті тарихынан белгілі.

Лоэнгриннің әкесі Парцифаль Қасиетті Өмір тостағы (кейіннен, христиандық дәуірде бұл мотив Қасиетті Граальмен байланыстырылады) туралы миф баянынан таныс есім. Ол – Артур корольдің рыцарларының бірі. Даңқты Артур король туралы мифтік сюжеттер циклында молшылықтың, ырыстың, мәңгіліктің символы болған Өмір тостағын (қасиетті ыдысты) іздеу туралы желі маңызды орын алады. Өмір тостағы – алтын ғасырдың оралуына кепілдік беретін атрибут. Пенде баласын өз әміршісі еткен аққулар әлемі мифтік «үш әлемнің» байланысына нұсқайтын символ. Адамдар арасынан зәбір көрген жанның аққулар арасына барып тұрақтауы зұлымдық пен ізгілік шайқасының бір «ізі», ізгіліктің өлмейтіндігінің ишарасы.

Өткеннің және келер шақтың королі саналатын Артур мифіне Томас Лермонт туралы желілер де қатысты. Томас сапар шегетін феялар мен эльфтер елі ретінде аталатын Аваллон аралында Артур мәңгілікке тұрақтаған делінеді.

Эльфтермен бірге аталатын феялар, тылсым сырлы нимфалар және қасиетті сидалар – адам баласынан өзге нәсілді, алайда, адамзат әлемімен тығыз байланысты миф кейіпкерлері.

Феялар – кельт және герман мифологиясында ғажайып қабілетке ие, тылсым сырлы тіршілік иелері. Аваллон аралына иелік ететін Моргана бастаған феялар (үр қыздары) туралы миф барынша кеңінен тараған. Олардың ерекше қасиеттерінің бірі – емшілік. Феялар ауыр жараланған адамдарды емдеп жазады, кейде оларға ерекше қасиет дарытады.

Нимфалар – грек мифологиясында табиғаттың күші мен құбылыстарын бейнелейтін қыз кейпіндегі тіршілік иелері. Нимфа – грек тілінен аударғанда қыз, қалыңдық деген ұғымды білдіреді. Олар орманды, үңгірлерді, бұлақ басын мекендейді.

Сидалар – ғажайып елдің тұрғындары, кейбір нұсқаларда бұлардың шығу тегі Туата де Даннан құдаймен байланыстырылады. Сұлулығы көргендерді есінен тандыратын сидалар адамзат нәсілі мен өзге нәсілді тіршілік иелерінің байланысы туралы мотивтерде ерекше айтылады. Сидалар туралы кельт мифтері әлем халықтарфы фольклорына кеңінен таралған. Олар көп жағдайда адам баласының бір мақсатқа қол жеткізуіне, кедергілерді жеңіп, қиыншылықтарды еңсеруіне жәрдем етеді.

Адамзат әлемі мен перілер дүниесін байланыстырушы ұнамды кейіпкерлер мифтік санадан поэтикалық ойлау кеңістігіне көшіп, адамзаттық мұраттардың орындалуын «көркемдік тұрғыда» бейнелеп келеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Досмұхамедұлы Х. Аламан. / Х. Досмұхамедұлы - Алматы: Ана тілі, 1991. – 276 б.
- 2 Қасқабасов С.А. Таңдамалы. Т. 1. Қазақтың халық прозасы / С. Қасқабасов [Зерттеулер] - Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
- 3 http://www.dopotopa.com/elfy_v_mifologii_i_istorii_tsivilizatsia_elfov.html
